№4399-23-00-2а/1002

ҚАУЛЫ
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 26 қаңтар Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында

төрағалық етуші судья Е.Б.Турбаев,

судьялар С.Н.Жуынтаева, А.К.Есдаулетов болып,

талап қоюшының өкілі М.Г.Тукеновтің «Zoom» бейнебайланыс жүйесі арқылы қашықтықтан қатысуында,өзінің ашық сот отырысында

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 13 қазандағы шешіміне талап қоюшының апелляциялық шағымымен түскен,

талап қоюшы «Миялы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің(бұдан әрі – Ауылдық округ, әкім) жауапкер «SK MIRAS LLP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі(бұдан әрі – Серіктестік, ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы электрондық форматтағы азаматтық ісін қарап,

АПК-тің 424-бабының 1-бөлігінің 3) тармақшасын, 426, 431, 434-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 13 қазандағы шешімінің күші жойылсын.

Талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдансын.

Жауапкер «SK MIRAS LLP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Мемлекет пайдасына жауапкер«SK MIRAS LLP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 1725(бір мың жеті жүз жиырма бес теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талап қоюшы «Миялы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен олардың өкілдері, прокурор Қазақстан Республикасы АПК-нің 434-436, 440, 441 баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші Е.Б.Турбаев

Судьялар С.Жуынтаева

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 01.02.2024

А.Есдаулетов

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 01.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»